

# Азамат есімі ұлықталды



**Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Арқалық қаласының құрметті азаматы марқұм Жұмағали Сүлейменұлының құрметіне ескерткіш тақта орнатылды.**

Бар ғұмырын мәдениет пен өнерге, ұрпақ тәрбиесіне арнаған азаматты мәңгі есте қалдыру мақсатындағы шара марқұмның туған күні қарсаңында жүзеге асты. Рухани шарада қала әкімі Қайрат ӘБІШЕВ, Қостанай облыстық мәдениет басқармасының басшысы

Ерлан ҚАЛМАҚОВ, ел ағасы Мұхтар қажы Ходеновтер сөз алып, Жұмағали аға туралы естелік айтты.

ҚР мәдениет қайраткері, Қазақстан Сәулетшілер Академиясының академигі, белгілі композитор Жұмағали Сүлейменұлы 1942 жылдың 1 ақпанында Қостанай облысы, Аманкелді ауданы «Жаңатұрмыс» колхозының «Ғалым түбегі» деген жерде дүниеге келген.

Әкесі Сүлеймен мен анасы Зейнепгарап яғни, ерлі-зайыпты Әмірбековтер 1951 - 1954 жылдары «Ақсуат» пен «Андреев» аталатын көршілес екі колхозда төраға болып қызмет

жасаған.

Жұмағали Сүлейменұлы 1959 - 1965 жылдары Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтының физика - математика факультетінде жоғары білім алады. Студенттік шағында Қарағанды қаласында өткен аймақтық дөмбырашылар байқауының бірнеше мәрте жеңімпазы болған екен. 1965 - 1968 жылдарда Амантоғай сегізжылдық мектебінде мұғалім болып еңбек етеді.

1968 жылы аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланып, жастар ісі мен жастар саясатының көшбасшы болып танылды. 1973 жылы аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланып, аудан мәдениеті мен өнерінің дамуына зор үлес қосты.

1976 жылдан бастап Торғай облысының орталығы Арқалық қаласына қызмет ауыстырды. Саналы өмірінің әр жылдарында Торғай облыстық кітап саудасының директоры, облыстық мәдени-ағарту және халық шығармашылығы ғылыми-әдістемелік орталығының директоры, Арқалық қалалық мәдениет бөлімінің басшысы, С. Қожамқұлов атындағы облыстық сазды-драмалық театрының директоры, облыстық мәдениет басқармасының төрағасы, облыстық әкімшілікте бөлім меңгерушісі, облыстық кинобейне басқармасының басшысы, Арқалық қаласындағы облыстық «Дала өлкесі» тарихы музейінің директоры болып жемісті қызмет атқарды.

Ел үшін еңбек сіңірген азаматтың есімін жаңғыртып, ел жадында мәңгі қалдыру жолындағы кешенді жұмысты Арқалық қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жәнібек Гаппасұлы бастаған азаматтар қолға алған болатын. Ескерткіш тақтадан бөлек, марқұмның өмірде тұтылған дүниелері жинақталып, үйінің бір бөлмесі мұражай етіп жабдықталды. Онымен қоса, қайраткердің шығармашылығы мен өмір, еңбек жолына арналған қос кітапты жарыққа шығару жұмыстары жүріп жатыр.